

ӘОЖ 81:1; 81-1; 81-13; МҒТАР 16.01.07
<https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.244>Ж.Т. КОПБАЕВА¹, Г.К. АБДИРАСИЛОВА², А.А. АККУЗОВ³¹PhD докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: phd_korbayeva@mail.ru

²филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: ab.gulmira@mail.ru

³филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Ж.А. Тәшенев университеті

(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: accozov66@mail.ru

**«ДИУАНИ ХИКМЕТ» ЕСКЕРТКІШІ ТІЛІНДЕГІ РАЙ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ
ФОНО-МОРФО-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ**

Аңдатпа. Мақалада ХІ ғасырдың көрнекті сопы ақыны Қожа Ахмет Яссауи мұрасына жататын «Диуани Хикмет» ескерткіші тіліндегі рай тұлғалары жан-жақты фоно-морфо-семантикалық тұрғыдан сараланды. Түркі жазба ескерткіштеріндегі рай категориясының ерекшеліктері мен тарихи қалыптасу жолдарына талдау жасала отырып, көне және қазіргі қазақ тіліндегі рай тұлғалары арасындағы сабақтастық байланыс көрсетілді.

Ескі түркі жазба ескерткіштерінде рай категориясы – іс-әрекеттің орындалу мүмкіндігі мен сөйлеуші көзқарасына қатысты мағыналық реңктерді білдірудің маңызды тәсілі ретінде қарастырылды. Хикмет мәтінінен алынған нақты тілдік материалдар арқылы райдың бұйрық, қалау, шартты райларының қолданылуы мен түрлену ерекшеліктері анықталып, қазіргі қазақ тілімен типологиялық салыстырулар жасалады. Мақала мақсаты – «Диуани Хикмет» тілінің грамматикалық жүйесіндегі рай тұлғаларының даму үдерісін ашып көрсету, олардың көне түркі тіліндегі орны мен эволюциясын айқындау. Зерттеу нәтижелері арқылы «Диуани Хикмет» тіліндегі рай формаларының тек грамматикалық құбылыс қана емес, сонымен қатар сопылық таныммен байланысты мәндік ерекшеліктері де дәлелденеді. Зерттеу жұмысы тарихи грамматиканың, көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеудің, сондай-ақ қазақ тілінің қалыптасу кезеңдерін тереңірек түсінуге септігін тигізеді.

Кілт сөздер: «Диуани Хикмет», етістіктің грамматикалық категориялары, рай тұлғасы, бұйрық рай, фоно-морфо-семантикалық өзгерістер.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Копбаева Ж.Т., Абдирасилова Г.К., Аккузов А.А. «Диуани Хикмет» ескерткіші тіліндегі рай тұлғаларының фоно-морфо-семантикалық өзгерістері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №3 (137). – Б. 194–207. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.244>

***Cite us correctly:**

Kopbaeva Zh.T., Abdirasilova G.K., Akkuzov A.A. «Diwani Hikmet» eskertkishi tilindegi rai tulgalarynyn fono-morfo-semantikalyq ozgeristeri [Phono-morpho-semantic Changes in the Inclination of Faces in the Language of the Monument «Diwani Hikmet»] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №3 (137). – B. 194–207. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.244>

Мақаланың редакцияға түскен күні 11.04.2025 / қабылданған күні 30.09.2025

ZH.T. Kopbayeva¹, G.K. Abdirassilova², A.A. Akkuzov³¹*PhD Doctoral Student, Kazakh National Women's Teacher Training University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: phd_kopbayeva@mail.ru*²*Candidate of Philological Sciences, Acting Professor
Kazakh National Women's Teacher Training University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: ab.gulmira@mail.ru*³*Candidate of Philological Sciences,
Zhumbek Tashenov University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: accozov66@mail.ru***Phono-morpho-semantic Changes in the Inclination of Faces in the Language of the Monument «Diwani Hikmet»**

Abstract. This article presents a comprehensive phono-morpho-semantic analysis of mood forms in the language of the «Diwani Hikmet» monument, which belongs to the legacy of the prominent 11th-century Sufi poet Khoja Ahmed Yasawi. The paper explores the specific features of the mood category in Turkic written monuments and its historical development, while also tracing the continuity between ancient and modern forms of mood in the Kazakh language.

In Old Turkic texts, the mood category is regarded as an essential means of expressing the possibility of an action and the speaker's attitude toward it. Based on concrete linguistic material from the hikmets, the usage and transformation of imperative, optative, and conditional moods are analyzed, alongside a typological comparison with modern Kazakh. The main objective of the article is to reveal the developmental process of mood forms in the grammatical system of «Diwani Hikmet» and to determine their place and evolution in the Old Turkic language. The research findings demonstrate that mood forms in the language of «Diwani Hikmet» are not only grammatical in nature but also convey semantic meanings linked to Sufi thought. This study contributes to the fields of historical grammar, Old Turkic manuscript studies, and the understanding of the development stages of the Kazakh language.

Keywords: «Diwani Hikmet», grammatical categories of verbs, desirable mood, imperative mood, phono-morpho-semantic changes.

Ж.Т. Копбаева¹, Г.К. Абдирасилова², А.А. Аккузов³¹*PhD докторант, Казахский национальный женский педагогический университет
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: phd_kopbayeva@mail.ru*²*кандидат филологических наук, и.о. профессора
Казахского национального женского педагогического университета
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: ab.gulmira@mail.ru*³*кандидат филологических наук, Университет Жумабека Ташенова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: accozov66@mail.ru***Фоно-морфо-семантические изменения наклонений лиц в языке
Памятника «Дивани Хикмет»**

Аннотация. В данной статье рассматривается, фоно-морфо-семантический анализ форм наклонения в языке памятника «Диуани Хикмет», принадлежащего к наследию выдающегося суфийского поэта XI века Ходжи Ахмета Яссауи. В статье рассматриваются особенности категории наклонения в тюркских письменных памятниках и пути её исторического формирования, а также прослеживается преемственность между старыми и современными формами наклонения в казахском языке.

В древнетюркских письменных памятниках категория наклонения рассматривается как важный способ выражения возможности действия и отношения говорящего к нему. На основе конкретного

языкового материала из текста хикметов анализируется употребление и видоизменение форм повелительного, желательного и условного наклонений, проводится типологическое сравнение с современным казахским языком. Цель статьи — раскрыть процесс развития форм наклонения в грамматической системе языка «Диуани Хикмет» и определить их место и эволюцию в древнетюркском языке. Результаты исследования доказывают, что формы наклонения в языке «Диуани Хикмет» несут не только грамматическую, но и смысловую нагрузку, связанную с суфийским мировоззрением. Работа вносит вклад в изучение исторической грамматики, древнетюркских письменных памятников и этапов становления казахского языка.

Ключевые слова: «Диуани Хикмет», грамматические категории глагола, формы наклонения, повелительное наклонение, фоно-морфо-семантические изменения.

Кіріспе

Шығыс ойшылы Қожа Ахмет Яссауидің шығармаларының дүниетанымдық ерекшеліктері, оған тән дін және тіл философиясының гуманистік негіздері және рухани құндылықтары – халықтық фольклордың бағыт-бағдарын анықтаушы рөл ретінде атқарғаны белгілі. Оның өлеңдері кезінде халық арасына кең тарап, ауыз әдебиетінің құрамдас бөлігі түрінде өмір сүріп келген. Әрбір классикалық шығармаға тән «Диуани Хикмет» [1] қазіргі заманның өзінде рухани құндылығы мен өзектілігін жоғалтқан емес, қойылған мәселелер адамның рухани дамуындағы алынуға тиісті биік белестер болып қала бермек.

Қожа Ахметтің «Диуани Хикметі» тілі мен мазмұны жағынан алғанда, өзінше тарихи және мәдени құндылығы бар дүние, ол – ғасырлардың сынағынан өткен рухани мұра [2].

Қазақ тіл білімінде белгілі ақиық ақын-жазушыларымыз, әдебиетші-тілшілеріміз М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Н. Сауранбаев, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Мағауин, Р. Бердібаев, С. Бақбергенов, Ө. Қоңыратбаев, Х. Иманжанов, С. Битенов, М. Жармұхамедұлы, Ж. Әбдірашев, М. Шафиғи, С. Дәуітұлы, т.б. зерттеулер мен мақалалар жазады.

«Диуани Хикметтің» 1993, 2002 жылғы қазақша аударма нұсқаларын, белгілі әдебиет зерттеушісі А. Қыраубаеваның [3], т.б. еңбектерін атауға болады. Академик Р.Сыздықтың «Яссауи Хикметтерінің тілі» көлемді монографиясында грамматикалық категорияларға шолу ғана жасалып, кейінгі жас ізденушілерге үлкен міндет жүктелген.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Бұл зерттеуде тарихи-салыстырмалы, сипаттамалы және құрылымдық әдістер кешенді түрде қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы «Диуани Хикмет» мәтініндегі рай тұлғаларының көне түркі дәуіріндегі грамматикалық ерекшеліктері мен қазіргі қазақ тіліндегі рай жүйесі арасындағы сабақтастықтар мен айырмашылықтар анықталды. Сипаттамалы әдіс тілдік деректерді жүйелеу, жіктеу және лингвистикалық талдау жасау мақсатында пайдаланылды. Ал құрылымдық әдіс рай тұлғаларының морфологиялық және семантикалық құрылымын нақтылауға мүмкіндік берді.

Материал ретінде Қожа Ахмет Яссауи мұрасына жататын «Диуани Хикмет» шығармасының қазіргі түркітану ғылымында кең таралған ғылыми транскрипциясы негізге алынды. Мәтіннен рай мәнін білдіретін етістік формалары іріктеліп, олардың фоно-морфо-семантикалық белгілері талданды. Сонымен қатар, зерттеуде авторлар салыстырмалы материал ретінде көне түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі қазақ тілінің грамматикалық еңбектері, сондай-ақ түркі грамматологиясына қатысты теориялық зерттеулер пайдаланылды. Рай категориясының тарихи дамуы мен функционалдық қызметін дәйектеу үшін түркі тіл білімі саласындағы жетекші ғалымдардың еңбектеріне сүйенді.

Талдау мен нәтижелер

«Диуани Хикмет» тіліндегі рай тұлғаларының көрініс табуы – көне түркі жазба дәстүріндегі грамматикалық категориялардың ішкі дамуы мен мағыналық жіктелуінің нақты айғағы. Рай формалары – тілдік субъективтілік пен модальділік ұғымдарын іске асырушы негізгі грамматикалық

құралдардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда, Қожа Ахмет Яссауи қолданған рай тұлғалары тек қимылдың орындалу не орындалмау мүмкіндігін ғана емес, сонымен қатар сопылық дүниетанымның семантикалық ерекшеліктерін де меңзеп отырады.

Мәтінде райдың бұйрық, қалау, шартты түрлері кеңінен қолданысқа ие болған. Аталған тұлғалардың жасалу жолдары мен семантикалық реңктері қазіргі қазақ тіліндегі рай формаларымен салыстырыла отырып, тарихи сабақтастықтың үзілмегенін көрсетіледі. Мәселен, *-ғы/-гі*, *-қы/-кі* жұрнақтары арқылы жасалған қалау рай формалары көне мәтінде де дәл қазіргі қызметінде жұмсалғанымен, кейбір контекстік қолданыстарында ашық рай мәнімен қабаттасып келетін семантикалық өзгерістер де байқалады. Бұл ерекшелік рай формаларының мағына жағынан дамып, көпқабатты семантикалық құрылым түзуінің бір көрінісі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, рай тұлғаларының дыбыстық және морфологиялық өзгерістеріне тарихи фонетика тұрғысынан да назар аударсақ, түркі тілдеріндегі дыбыстық сәйкестіктер мен диахрондық дыбыс алмасулар рай формаларының құрылымында да кездеседі. Бұйрық райдағы көне *-ғыл/-гіл* формаларының орын алуын немесе шартты райдағы *-са/-се* тұлғаларының бірқатар фонетикалық нұсқаларын көне және қазіргі тілдік жүйе тұрғысынан қатар талдау, түркі грамматикасының тарихи даму логикасын ашуға септігін тигізеді. Бұл орайда, Яссауи мұрасына тән тілдік жүйені нақты бір түркі тіліне телу мәселесінің күрделілігі де назардан тыс қалмауы тиіс. Себебі, дыбыс жүйесі мен мағыналық құрылымы кеңістік пен уақыттың аясында үздіксіз эволюцияға ұшырап отырған. Сондықтан «Диуани Хикмет» мәтіндегі дыбыстық жүйе мен мағыналық құрылымның дәл қай түркі тіліне және қай аймақтық диалектіге тән екенін нақты айқындауды қиындатады [4, 150–6].

Зерттеуші Ж. Триердің пайымдауынша, әрбір тілдің дыбыс жүйесі – сөйлеуші индивидке тән, яғни тілдің сыртқа шығатын (performance) бөлігі болып табылады. Ал мағыналық жағы – ұжымдық сипаттағы (competence) элементі ретінде ұлтқа, халыққа тән тілдік сананың көрінісі болып есептеледі. Осы тұрғыдан алғанда, дыбыстық жүйе жеке адам тілінде жиі өзгеріске ұшыраса, мағыналық құрылым – баяу, біртіндеп жүретін ұзақ үдерістер нәтижесінде дамиды [5, 156–6]. «Диуани Хикмет» мәтінде де осы қағидат нақты тілдік көрініс табады. Рай тұлғаларының дыбыстық түрленуінде диалектілік ерекшеліктер мен айтылым вариациялары байқалса, мағыналық жағынан олар тұрақты сопылық категориялармен байланысты қызмет атқарады. Бұл құбылыс түркі тілдеріне ортақ тілдік заңдылықтармен қатар, тарихи-мәдени дискурстың ықпалын да ескеруге бағыттайды.

«Диуани Хикмет» тілінде амалдың жүзеге асу мезгілін білдіретін етістік формаларының жиілігі, түрлері, мағынасының әр алуандығы ерекше байқалады. Мысалы, мағына реттілігі тұрғысынан алғанда, кейбір рай тұлғалары сөйлеу барысында жақын уақытта болған әрекетті білдірсе, енді біреулері одан бұрынғы, тіпті әлдеқайда ертерек жүзеге асқан қимыл-әрекетті білдіреді. Осындай семантикалық реңктерге байланысты қазақ тілінде рай категориясын білдіретін көрсеткіштердің әртүрлі типтері кездеседі. Олар құрылымы жағынан жалаң (синтетикалық) және күрделі (аналитикалық) тұлғалар түрінде қолданылады. «Диуани Хикмет» мәтіндегі «*барғаймын*», «*көргіл*», «*айтсаң*», «*алғайсың*» сияқты формалар амалдың орындалу кезеңін, шарттылығын, қалауын немесе бұйрық мәнін білдіреді. «*Барғаймын*» формасындағы *-ғай* жұрнағы сөйлеушінің болашақтағы ықтимал іс-әрекетке деген ниетін немесе болжамын білдірсе, «*айтсаң*» формасындағы *-са* шарттылықты меңзейді. Ал «*көргіл*» – ынта-ниет мәнін білдіретін қалау райының үлгісі ретінде жұмсалады. Бұл формалар қазіргі қазақ тіліндегі рай категориясының көрсеткіштерімен типологиялық ұқсастықта қолданылып, көне түркі тілінің грамматикалық жүйесімен тарихи сабақтастықта дамығанын көрсетеді.

Қалау рай – іс-әрекетті, қимылды субъектінің орындауын қалайтынын, қаламайтынын, талабын, тілегін, ниетін, ынтасын білдіретін рай категориясының бірі. Қалау райдың ең көп, өнімді жасалу жолы *-ғы*, *-гі*, *-қы*, *-кі* формасы арқылы жасалады. Бұл – қазіргі қазақ тіліндегі тұлғалары [6, 310–322–66].

Түркі тілдерінде қалау райдың беретін мағыналарына орай түрліше атау қалыптасқан: «предлагательно-желательное», «желательное», «повелительно-желательное» деген атаулары

бар. Осы атауларға қарап қалау рай мәнін беретін тұлғалар тек қалау мәнінде ғана жұмсалмайтынын көреміз. Түркітанушы Н.К. Дмитриев башқұрт тілінің грамматикасына арналып жазылған еңбегінде «Говорящий не столько излагает факт, сколько передает свое субъективное отношение и притом к такому факту, который по существу еще не произошел, а только может произойти. Этот субъективизм может иметь различную окраску: желание, сомнение, колебание и т.д.» [7, 166-б.]. Түрлі мағыналарды беретініне қарамастан шартты түрде қалау рай термині ғылыми айналымға енген.

Зерттеу барысында ғылымда әлі де талас тудырып, екіұштылық сипатта көрінетін қалау рай мен бұйрық рай арасында аражігі ажыратылмаған жағдайды байқадық. *-айын, -әйін* тұлғалары, әдетте, бұйрық рай мағынасын беретіндігі еңбектерде жазылып жүр.

Б.А. Серебренников пен Н.З. Гаджиеваның «Сравнительная грамматика тюркских языков» еңбегінде бұл тұлғаның қалау рай мәнін беретіні жазылған [8, 206-б.].

Ал Н.К. Дмитриевтің жоғарыда көрсетілген еңбегінде I жақ көпше түрінде *алмайык, килмәйек* тұлғасында бұйрық рай тұлғасында келгені көрсетілген [7, 163-б.]. Яссауи Хикметінің рай түрлерін зерттеген ғалым Р. Сыздық қалау рай тұлғаларын бұйрық рай парадигмасына қосатынын айтады да, бұл тұлғаны бұйрық рай тұлғасынан гөрі қалау рай тұлғасына қосқан дұрыс деп санайды [9, 152-б.].

Яссауи хикметтерінде *-айын, -әйін, -йін* тұлғалары ал көпше түрде *-лұқ, -лүк* тұлғалары қолданылған етістіктер кездеседі:

Жумләсіні бағышлайын анда сәңә / құлақ салғын хас уммәті болай десәң (18а, 6-7). Еранлар ізләб ізін тапай десәң / ізләб аны тапмагүнчә етсә болмас (44 а, 7-8). Нәйләйін мускин хікмi худадүр дуствларым (52а, 7). Қызыл йүзнi за'фаран дек сарғайтмайын / йетмәс / 'ашиқ мурадыгә жан тартмайын / адһәм сифат масиуаны тәрк етмәйін (86а, 7).

Мәтінде *-айын, -әйін* тұлғасында келетін қалау рай тұлғалы етістік көмекші етістіктермен тіркесе келіп, қалау мәнін білдіреді. Ал Яссауи хикметінде, негізінен, шартты райдың *-са* тұлғасы *де* - көмекші етістігімен тіркесіп келеді екен. Орта ғасыр ескерткіштерінде қалау райдың *-айын, -әйін* тұлғасы ықшамдалған түрде *-ай* тұлғасында қолданылған. *Айтай, барай, салай, әйләй* түрінде өте жиі кездеседі. Негізінен, ықшамдалған *-ай, -әй* тұлғалары түркі тілдерінің қарлұқ тілдерінде кездесетін бірден бір белгі.

Қазіргі өзбек тілінде *барай, айтай, келәй, түшәй* секілді етістіктер қарым-қатынаста жиі айтылады. Ал Сәйф Сараидің «Гүлістан» шығармасында *-айын, -әйін, -айым* тұлғалары «повелительно-желательное наклонение» аясында қарастырылып, мысалдар арқылы дәйектеледі. «Егер осы сөзің есітмәйін дер есең, инсан білә қыл хамишә ағзын сырың» немесе «Румның һарір қумашларын алып Хинддән полат алып Хәләбқа келәйім» [10, 206-б.]. «Диуани Хикмет» ескерткіші тілінің грамматикалық ерекшеліктерін тәуелдік, жіктік, көптік жалғауларының қолданылуы тұрғысынан қарастырған зерттеуші А.А. Жолдасова «Диуани Хикмет» тіліндегі бұйрық райлы етістіктер I жақта жіктелгенде *-ай, -әй, -й* формаларына аяқталып, *-ын* формасы түсіп қолданылатындығын айтады [11, 18-б.].

Орта ғасыр ескерткіші «Гүлістанда» кездесетін *-айым, -әйім* тұлғалары Яссауи хикметтерінде кездеспейді [10].

Жекеше тұлғадағы *-айын, -әйін* тұлғаларының көпше түрі (I жақ) *-лүк* аффиксі де Яссауи хикметтерінде кездеседі.

Қалау райдың I жағының көпше түрде берілуі:

Келің йығлаң зәкир құллар зикр айталұқ (51 б, 4).

Яссауи хикметтерінде хикметтің жанрына орай арман тілек, қалау мәні басымырақ. Қалау райдың алғашқы грамматикалық белгілері – *-ғы, -гі* тұлғалары. Аталған тұлғалар арқылы берілген қалау рай мәні төмендегі хикметтерден байқауға болады.

*Мухаббат дәрийасыдын гаууас болуб / ма'рифатны
гауһарыны алғұм келүр / тариқатны майданыда*

*пәруаз қылыб/ ол дәрахты тубыға ұчұб
қонғұм келүр (53 а, 7-10).*

*Мухаббатны оты бірлә қайнаб таиға / мәнһәм
тақи Алла деүб барғұм келүр (53 б, 8-9).*

*Олардын күні көкдә болұб қийам болды /
ду'а оқұб рауан хикмәт айғұм келүр (54 а, 12-13).*

-ғұ тұлғасындағы қалау рай мәнді етістік тәуелденіп жұмсалғанын байқауға болады. Мысалы, (менің): *барғұм келүр, айғұм келүр, қонғұм келүр.*

Орта ғасыр ескерткіштерінде, оның ішінде Яссауидің хикметтерінде, ең көп кездесетін қалау рай түрі – *-ғай, -гей* қосымшалары үстелуі арқылы жасалатын етістіктер.

Қалау райдың *-ғай, -гей* жұрнағы арқылы келген етістіктер талап, тілек, арман мағыналарында да қолданылады. Ғалымдардың пікірінше, оғыз тілдерінің элементтері Яссауи хикметтерінде молынан кездеседі десе де, *-ғай, -гәй* қалау рай тұлғасы қыпшақ тілдеріне тән элемент екені белгілі. Яссауи хикметтерінде *-ғай* тұлғалы қалау рай мәні кеңінен қолданылады.

*Құл Хожә Ахмәд көңүл көзі ашылғай/
му тіл ләрімдін дур-у гауһар сачылғайму /
тәубәқылсам гунәһимні кечүргәйму /
ужмах ічрә хур-у ғилман құчармукин (23 б, 7-10).*

Ғалым Р.Сыздықтың пікіріне жүгінсек, қалау рай көрсеткіші деп есептелетін *-ғай, -гәй* аффиксі ашық райдың белгісіз келер шағының мағынасын беретін сияқты [9, 153-б.]. Десек те, жоғарыдағы мысалдардан қалау мәнінің беріліп тұрғаны байқалады.

*Дидарыны көрүб 'ашиқлар хайран қалғай /
'ақлың йетіб жанын құрбан қылғай /
уәлә болұб шауқы бірлә фиган қылғай /
еллікмың йыл 'ақлын кетіб йатар ерміш (82 а, 10-13)*

Екінші қырынан алып қарағанда, мағыналары, дәл осы жолдардың мағынасы көмескілеу болып келіп, ашық рай мәнінде де жұмсалып тұр ма деген ойға қаласың. Сонымен бірге *-са, -се* шартты рай формасы арқылы жасалған қалау рай тұлғасы да көп кездеседі. Дегенмен, қалау райдың шартты рай тұлғасы арқылы келетін қалау рай тұлғасы грамматикаларда жазылғандай: «Шартты рай тұлғалы етістікке *игі, екен* сөздерінің тіркесуі арқылы да тілек мәнді қалау рай» жасалмаған. *Игі, екен* деген сөздерінсіз, *-са, -се* шартты рай категориясы берілген. Қалау рай категориясында тұрғандығын мағынасы арқылы ажыратып алуға болады.

*Өләр уақтда Арслан бабам бір йол көрсәм /
күдәклігдә біләлмадым жаным берсәм / Һәр
бір басқан ізләріні көзгә сүртсәм /
көксүмдәгі кирәһләрні ачармукин (23 б, 3-6).*

Осы хикметтің алғашқы үш тармағын оқыған кезде Яссауидің арманын, қалауын байқауға болады. Ал соңғы тармақты оқығанда, алғашқы үш тармақ пен соңғы төртінші тармақта шарттылық мәннің бар екенін көреміз. Егер *-са, -се* шартты рай жұрнағы арқылы қалау рай жасалатын болса, осы хикметте райдың екі түрі де (қалау және шартты рай) қатар келіп тұрғанын көреміз. Сонымен қатар Яссауи хикметтерінен *-са, -се* қалау райдың жұрнағына аяқталған етістіктің *игі, екен* тұлғаларымен келген формалары кездескен жоқ.

Шартты рай – іс-әрекетті, қимылды субъектінің орындалу мүмкіндігін, шартын білдіріп, етістік түбіріне және лексика-грамматикалық категориялар тұлғаларына *-са, -се* қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Сондай-ақ шартты райлы етістік тілек, арман, мақсат, өтініш, өкініш, болжам сияқты модальділік мәнді білдіріп, тиянақты мәнінде сөйлемнің баяндауышы қызметін де атқарады [12, 514-б.].

1-кесте – «Диуани хикмет» шығармасындағы модальділік мәні бар етістік формалары

№	Модальділік мәні	Мысал үзіндісі (хикметтен)	Етістік формасы	Мәні мен қызметі
1	Болжам, екіұштылық, қалау, шарт	<i>Сахар уқты қолұм баглаб ду'а қылсам Дустлар хожсам мәні бәндәм дегәймукин (13а, 1-4)</i>	қылсам, дегәймукин	Болжал, тілек, шартты жағдайлар қатар қолданылып, модальділік реңк тудырып тұр
		<i>Дәргәһыға башым қойұб нала қылсам Көз йашымны ақұзұб жала қылсам Бийабанлар кезіб (13а, 4-8)</i>	қылсам	Шарттылық, қалау реңктері
2	Сенімділік	<i>Мәні хикмәтләрім дәрдигә дарман Ешімтмәй һәр кім өлсә қылғай арман (6а, 4-5)</i>	қылғай	Болымсыз болжам, сенімді реңк
		<i>Мәні хикмәтләрім 'аләмға дастан Рухұм келсә қылур сұхбатны бұстан (6а, 9-10)</i>	келсә, қылур	Нақты болуға жақын сенімді іс-әрекет
		<i>Ешйтсә жан қулағы бірлә һәр йар Хұда уа расу Алла аңа йар (9а, 5-6)</i>	ешітсә	Шарттылық пен сенімділік
3	Арман	<i>Мәні айған сөзүм һәр кім ешйтсә Оқуб ихласдін йахатқа батсә (9а, 7-8)</i>	ешітсә, батсә	Арман мен тілек реңкі
		<i>Һәмә пир-у жууан елкімні ачса Мәңә матәм тұтұб йашыны сачса (9б, 7-8)</i>	ачса, сачса	Армандық сипаттағы шарттылық
4	Шарттылық	<i>Әгәр тапсам йолұм зәкир болұрмән Йүрәгім чәк етіб шәкир болұрмән (11а, 5)</i>	тапсам	Іс-әрекеттің жүзеге асуына байланысты шарт
		<i>Қийаматны әндишесі етмәгәйді Еркі болса адам болұб кетмәгәйді (28а, 2-4)</i>	болса, кетмәгәйді	Шарттылық, мүмкіндіктің шектеулі сипаты
5	Түсіндіру	<i>'Алим ол кім білмешік 'амал қылұр Не оқұса аны айтыб аны қылұр (31б, 9)</i>	білмешік, қылұр	Ілім иесінің әрекеті түсіндірілуде
		<i>Құл Хожса Ахмәд... тірік йүрүб өлүб көргә кірдім ерсә Дидар көрүб чин өлгәндүр дустларыма (32а, 1-3)</i>	кірдім ерсә	Модальділік: түсіндірме мен тәжірибе
6	Өкініш	<i>Уа дариға тұтмай қалдым 'умрым өтті Нәфс-у һәуа орта алыб мәні йұтт (21б, 3-6)</i>	тұтмай қалдым, өтті	Өкіну, өткен іске кимастық білдіретін мәндер
		<i>Тұтса болмас пир хизмәтін қылмағұнчә</i>	тұтса, қылмағұнчә	Өкініш, орындалмаған арман, мүмкіндік

Жоғарыда айтылғандай, шартты рай тұлғасы жалғану арқылы шарттылық және қалау мәні беріледі. Осы екі жағдайдың қатар келуінде де ғылыми негіз бар. Себебі, қалау райдың өзі де шартты райдың жұрнағы арқылы берілетін болса, шарттылық мән де қалау рай арқылы беріле алады.

Болымсыз етістік жұрнақтары жалғану арқылы шарт мәні де беріледі:
Михнәт тартмай дидарыны көрсә болмас (63 а, 1).

Тақат қылмай хаққа 'ашиқ болса болмас (63 а, 5).

Пир Муған назар қылмай көрсә болмас (63 а, 10.).

Бойын сұнмай надан бірлә йүрсә болмас (63 б, 5).

Бұйрық рай – сөйлеушінің тыңдаушыға немесе тыңдаушы арқылы бөгде біреуге (3-жаққа) қаратылып, бұйрық, сұрай айтылатын, өзіне (1-жаққа) байланысты қимылға, іс-әрекетке қозғау салу, ниет мәнін білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы берілетін рай түрі. Қазақ грамматикаларында бұйрық райдың басты мәні – бұйрықтық мағына деп беріледі. Бұйрықтық мағына, негізінен, 2-жаққа байланысты болып отырады. Дегенмен, бұйрық райдың II жағындағы етістік тұлғасын қазіргі тіл білімінде нөлдік тұлғамен де байланыстыратын жағдай кездеседі [12].

Орта ғасыр ескерткіштеріндегі Яссауидің хикметтерін толық, жүйелі қарастырған бірден-бір зерттеуші ғалым Р.Сыздық өзге түркі ескерткіштері тіліндегі рай тұлғаларының Яссауи хикметтерінде де кездесетіндігін айтады. Болымды түрде кездесетін *йығла, таңла, башла, йүзлә, көзлә, айт, берсүн, айтғыл, йанғын, айтың, айталук* секілді түрлі грамматикалық тұлғалармен түрленген бұйрық рай тұлғасындағы етістіктер кездеседі. Сонымен қатар болымсыз етістіктің *айтма, йатма, сатма, кетмә, йығламай* сынды түрлері де кездеседі. Болымсыз етістіктің берілуі, тұлғалары негізінен, түркі тілерінде бір-бірінен аса айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Осы ескерткіштегі ең ерекше атап өтетін, өзгешелігі бар етістіктер де кездеседі. Ғалым Р.Сыздық: «*р* дыбысына аяқталатын етістіктің бұйрық рай тұлғасына *у, ү, ы* дауысты дыбысын қосып айту біздің мәтінімізде тек бір-екі сөзде кездесті: *йүр+ү: биғам йүрүмә бәндә*» [9, 34-б]. Сонымен қатар зерттеуші *йүрүмә* тұлғасындағы бұйрық райлы етістіктің ескерткіштерде үш жерде кездесетіндігін, ал қалған жерлерінде *ү* дәнекерінсіз қолданылатындығын атап өтеді. Мұның себебін ғалым етістік соңындағы *р* дыбысының созылыңқы айтылуын қалыптастыру үшін қолданылған амал болса керек деп түсіндіреді [9, 150-б.].

2-кесте – Ясауи хикметтеріндегі «сұр/сұра» етістігінің мағынасы мен тұлғалық ерекшелігі

№	Хикмет жолы (мысал)	Етістік тұлғасы	Қазіргі тұлғасы	Мағыналық түсініктеме	Ескертпе
1	Қайтыб түшүб ғариб йәтим фақир (хәлін) сұрды (776, 4)	сұрды	сұрады	Ойдағы қажетті ақпаратты алуға ұмтылу, жағдайын сұрау	«Сұра» етістігінің дыбысы қысқарған көне нұсқасы
2	Тахқиқ қылыб йолыны сұраб йүргән бар му (866, 1)	сұраб	сұрап	Жолын, жөнін сұрау, бағыт іздеу	Есімше тұлғасы арқылы мақсатты іс-әрекет білдірілген
3	Хәлім сұрұң мән талибы жанана мән (103а, 6)	сұрұң	сұраңыз	Жағдайды сұрау, өтініш мәнінде	2-жақ бұйрық рай түрінде жұмсалған
4	Зари қылсаң бәндәм дебан сурғум мән-а (486, 9-10)	сурғум	сұраймын/ сұрасам	Үміт, тілек мағынасында сұрау	Түркілік көне формасы, -гум -айын/-ейін
5	-	сұру/сыру	(салыстырмалы)	Бір нәрсені қозғалу арқылы алыстату, ілгері шығару	Мағыналық параллелизм: «өмір сұру», «ой сұру» тіркестерімен байланысы бар

Хикметтен келтірілген мысалдар *сұру, сыру, сұрау* етістіктерінің тұлғалық және мағыналық жағынан сәйкесетінін айқындап тұр. Түркі тілдерінде соңғы дыбысты созып айту әрекеті кездеседі. Осы әрекет қазақ тіліндегі *сұрау* сөзінде сақталғандығын Р.Сыздық та өз зерттеулерінде келтіреді. *Сұра* етістігінің түбірі – *сұр* деп көрсетіп, хикметтер мәнінде *сұр* – «сұра» етістігі соңғы дыбысы созылмаған тұлғада да қолданылатынын айтады [9, 150-б.].

Таза бұйрықтық мәнді білдіретін етістіктер:

3-жақта бұйрықтық мағына тілек, өтініш, ниет мәнін береді. Бұйрық райдың III жақ тұлғасы - *сұн, -сұн* тұлғасы жалғанған етістіктер:

Тілек, өтініш мәнді етістіктер:

Ду'аға йары берсүн һәр мусулман/

өләр уақтыда елткәй нур-и иман (6 а, 3).

Мәні хикмәтләрім дана ешітсүн/ сөзүм дастан

етіб мақсадгә йетсүн (8 а, 8-9).

Орта ғасырда түркі жұртының тілінде бұйрық райдың III жағынан кейін *-лар, -ләр* көптік көрсеткіші жалғанып келіп қолданылғаны белгілі Мысалы, *алсұнлар, берсұнлар* т.б. Бірақ зерттеу барысында байқағанымыз, Яссауи хикметтерінде *-сүн, -сүн* қосымшасының үстіне аталған көптік мағына үстеуші тұлғалардың жалғану деректері кездеспеді.

-ғыл, -гил жұрнағы арқылы берілетін бұйрық мәнді етістіктер:

Көне түркі тілі ескерткіштер тілінде *-ғыл, -гил* тұлғалары арқылы келетін етістіктер де кездеседі. Мысалы, *есідгіл, келгіл, ұрғыл, білгіл* т.б. *-ғыл, -гил* тұлғасымен келетін II жақ бұйрық рай тұлғасындағы етістіктер мол. Бұл қосымшаның мағынасы іс-әрекеттің осылай болуға тиіс екенін білдіреді, яғни қимылдың дәл солай болуы міндетті деген талап, міндет мағынасы басымырақ байқалады. Сол себепті түркітанушы ғалымдар бұйрық райдың бұл түрін түркітанушы ғалым А.Н. Кононов «Форма категорического повеления» (міндетті бұйрық) деп атайды [13, 183-186-б.].

Тәубә қылдым, тәубә қылдым қабул қылғыл/

Тәубәм қабул қылмас болсаң жаным алғыл/

Йолда қалдым қолұм тұтұб йолға салғыл/

Дустлар хожам мәні бәндәм дегәймукин (14а,8-11). Бұйрық рай тұлғасындағы бұл етістіктердің мағыналары қолданысы жағынан бейтарап деуге болады. Себебі, жеке тұрғанда беретін мағынасы, бұйрық, міндет болса, хикметте беріп тұрған мағынасы міндеттен гөрі, екіұшты, екіұдай сезімді береді. Хикметтің қазақша мағынасын беретін болсақ, *Тәубә қылдым, қабыл қылсын, тәубәмді қабыл қылмайтын болсаң, жанымды ал(сын), жолда қалды, қолыңмен жол көрсет немесе жолға сал, сонда, достар, қожам мені пендем дей ме екен.* Осы хикметтің мағынасынан ұғынып тұрғанымыз, *бұйрықтан* гөрі, *көндігу, мойынсұну* мағынасына көбірек ұқсайды. Сол себептен Ә.Нәжіп «Эта форма в языке памятник является совершенно нейтральной и обще употребительной» [10, 208-б.].

Кей жағдайда бұйрық рай формасының *-ғыл, -гил, -сүн* жұрнақтары қатарынан жалғанатын жолдар да хикметтерде кездеседі. Мысалы,

Зар йыглагіл зар еңрәгіл рахм әйләсүн (16 а, 11).

-ғыл, -гил қосымшасының фонетикалық варианты *-ғын, -гін* тұлғасымен де бұйрық рай мағынасы беріледі.

-ғын, -гін тұлғалары арқылы берілетін бұйрықтық мағына:

Башың кетәр бұ йолларда хазир болгін/

'ашиқ болсаң өлмәсіндін бұрұн өлгін/ (41а, 9-13.).

-ғын, -гін қосымшалы лексемалар жергілікті тіл ерекшеліктерінің оңтүстік говорында сақталып қалған. Өзбекстан қазақтарының тілінде де дәл осы тұлғалас тілдік бірліктер қарым-қатынаста қолданылады.

Сонымен қатар II жақ сыпайы түрде ықшамдалған тұлғада да Яссауи хикметтерінде кездеседі:

Мәні хикмәтләрім саррафа айтың худадын бахабар дил сафа айтың (7 а, 4).

Мәнің хикмәтләрім хубларға айтың/ ду'а тәжбир етіб рахматгә батың (8 а, 9-10.).

Йасауи сөзіні қадрига етің/ ғам 'ишиқыдын барыб тойгұнча татың (8 б, 13).

Мәнің хикмәтләрім би дәрдгә айтмаң/баһасыз ғау һарым надангә сатмаң (9 а, 4-5).

II жақтың сыпайы түрі толығымен берілмеген. Ықшамдалғаны екі түрлі жолмен беріліп тұр: 1) II жақтың сыпайы түрінің *-ыз* тұлғасы көрсетілмей ықшамдалып қалған; 2) *-лар, -ләр* көптік мағына беретін қосымшаның жалғануы. Екінші бір беретін мәні бұйрық рай тұлғасының II жақ *-ың, -ің, -ң* тұлғасының қаратпа сөздер арқылы байланысқа түсетіндігі. Мысалы, *Келің йыглаң зәкир құллар зикр айталук (50 б, 3.).* Ал *-ләр* тұлғасы Яссауи хикметтерінде өте сирек кездеседі: *Дидар ізләб кәда болдұм әмин деңләр (103 б, 5)* немесе *Ей талиблар хәлім көрүб ғамым йеңләр (103 б, 6).* Бұл тұлғаның кездеспеуін, сирек кездесуі туралы ғалым Р.Сыздық «Яссауи тіліндегі *-лар* қосымшасы өлең шарты үшін, яғни буын санын толтыру үшін алынған тәрізді», – деген пікір айтады [9, 150- б.].

Қазақ грамматикасында етістіктің түбір күйінде өзіне тән әр түрлі грамматикалық тұлғаларда тұратыны туралы айтылады. «...етістіктің белгілі бір тұлғадағы грамматикалық мағынасын және оны

білдіретін грамматикалық формасын бірде – етістіктің түбір тұлғасы деп, екінші бірде – бұйрық райдың жекеше, анайы екінші жақ тұлғасы деп, екі түрлі атаудың қаншалықты қажеттігі бар? Біріншіден, бұл екеуі бір ғана грамматикалық құбылыс болса, оны бір-ақ түрінде ғана атау керек. Екіншіден, бұйрықтық, жақтық (екінші, анайы) мағына етістік түбірге тән мағына болса, онда ол тұлға етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясының (райының) бір грамматикалық түрі, көрінісі (бұйрық рай) бола алмас еді» [12, 495-б.]. Осы үзіндіден бұйрық рай тұлғасының II жағы, етістік түбірі және нөлдік формалардың беретін мағыналары мен қызметтерінің әртүрлі екендігін байқауға болады.

Болымсыз етістіктің жұрнағы арқылы келген бұйрық райлы етістіктер:

Зәкир болсаң зикрин айтыб һәр кез йатма

Надан нажсинс ләр бірлә сән сөз қатма/

Мунафиқлар хәлің сұрса шері айтм,

Келің йығлаң зәкир құллар зикр айталук (51а, 6-9).

Му'мин болсаң би таһарат зикрин айтма кәрәмәтләр айтұб халқа динің сатма /

мусулманлық да'уы қылыб кәфир кетмә -

келің йығлаң зәкир құллар зикр айталук (51а, 2-5).

Сонымен, Яссауи хикметтерінде бұйрық рай тұлғасының барлық жасалу жолдары арқылы келген етістіктер қолданылады. Ол етістіктер таза грамматикалық тұлғада тұрып, грамматикалық және категориалды мағыналарды иемденеді. Бұйрық тұлғасында келген етістіктер өзінің термин тұрғыда келетін мағынасына (яғни таза бұйрықты мағынадан) қарағанда өтініш, тілек, арман, ниет мағынасында көбірек жұмсалған. Біріншіден, Хикмет ақыл, тілек, дұрыс жолға салу мақсатында жазылған еңбектің өн бойында бұйрықтық мән емес, жоғарыда келтірілген бірнеше мағыналардың болуы заңды құбылыс. Екіншіден, етістіктің басым бөлігі бұйрық рай тұлғасында келген хикметтер өлеңінің тек құрылысы жағынан ғана емес, мазмұны, айтар ойын қысқа тағандарға сыйғызу мақсаты да осы ескерткіштен байқалады.

Ашық рай – қимыл, әрекеттің осы шақ, келер шақ, өткен шақ түрлерінің бірінде келетін рай түрі. Ашық рай түрі етістіктің шақ категорияларымен де тығыз байланысты. Демек, мұнда ашық райдың қалау рай немесе шартты рай секілді арнайы қосымшасы жоқ. Демек, етістіктер әр шақта келіп, етістіктің ерекше грамматикалық тұлғаларының жұрнақтарын үстеп, кейде үстемей жасалады.

1) өткен шақ категориялы ашық рай формасындағы етістіктер:

Хош ғайыбдан ауаз келді құлағымға, султан Ахмәди

зикр айт деді зикрін айтыб йүрдүм мән-а (11 а, 14.).

Он үчүмдә нәфс-у һауай қолға алдым/нәфс

башыға йүз мың бәлә қармаб салдым/тәкаббарны

айағ астын басыб алдым / он төртүмдә

тофрағ сифат болдүм мән-а (11б, 8-11).

Бұл жерде ашық рай жедел өткен шақ формасында беріліп тұр. Жедел өткен шақ тұлғалы етістіктер Яссауи хикметтерінде көп кездеседі. Яссауи хикметтерін оқып отырып, орфографиялық заңдылықтың сақтала бермегенін байқаймыз. Егер сөздің алғашқы буыны езулік дауысты дыбыстан құралса, жалғанған аффикс те ашық буынды болуы керек. Осы заңдылық түбірге жедел өткен шақ тұлғасының жалғануында берілген мысалдарда сақталған. Ал енді кейбір жағдайларда фонетикалық заңдылықтың орындалуы кем болып қалған жайттар кездесті:

қани' болұб хас ғауһарын алдүм мән-а (48 б.4).

Фана фи илләһи мақамыға бардүм мән-а (49 а, 9).

Бар, ал етістіктері ашық, езулік буын болғанмен, оған жедел өткен шақтың *-дү* еріндік тұлғалы аффиксі жалғанып, сингармонизм заңдылығы орындалмай тұр. Байқағанымыз, алғашқы буын езулік болғанмен, екінші буындарда еріндік дауысты дыбыс арқылы жасалған қосымшалар жалғануға бейім тұрады екен. Сірә, бұл түркі тілдеріндегі ерін үндестігінің күштілігінен болса керек.

Ал ашық райдың III жақтағы өткен шақ түрі орфографиялық заңдылыққа сәйкес *-ды, -ді* тұлғасында келеді. Мысалы:

Лә маканны шүһраты

кезгән 'ашиқ шахраты / білгән жан ны

қудраты үшбу дәуран көрді-йя (86 б, 5-6).

'ишқдын хабар білгенләр /
жанны құрбан қылғанләр/'ишқ
мақамы хош мақам 'ашиқларға тікді-йя (86 б, 6-7).
ашиқ дидагыға қошылмагін ағбарыға/
уасил болгын жәббарға/ фәни дүния өтті-йя (86 б, 8-9.).

Р. Сыздық қосымшаның алғашқы дыбысының қатаң (-ты), ұяң (-ды) болуы жалғанатын етістік негізінің соңғы дыбысының қатаң-ұяңдығына байланысты, бірақ, көбінесе, бұл заңдылыққа бағынбайтынын айтады [9, 156-б.]. Ғалымның бұл пікірін жоғарыдағы *тікді, сөзләшідім, йүзләшідім* сөздері дәлелдей түседі.

Жедел өткен шақтың -ды, -ді жұрнақтары жалғанған етістіктерге *ерсә* көмекші тілдік бірлік тіркесуі арқылы да ашық рай мәні қалыптасқан: *Йер астыға кірдім ерсә биход болдұм* (26 а, 8). Мұнда мағынасына қарай аудармасын жасайтын болсақ, *жер астына кірген кезде құтсыз болдым* деген мағынаны беріп, мезгілдік мәнің бары айқындалып тұр.

Білді ерсә дүниәсіні талақ қылды (31 а, 2). Мұнда *білді де дүниесін талақ қылды* деп аударуға болады. Бұл қолданыстан мезгілдік мәнді байқауға болады.

Өткен шақтық -мыш, -міш тұлғалары жалғанған етістік Яссауи хикметтерінде кездеспейді. Әдетте, бұл тұлғалар *ерміш* сөзінде келгенде өткен шақтық мән беретінін ғалымдар Р. Сыздық та, XI–XII ғасыр ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымын зерттеген Р. Досжан [14] да айтқан болатын Бірақ көмекші сөз құрамында *ерміш* сөзі *кездесім*, алдындағы негізгі сөзі -ар, -әр ауыспалы келер шақ жұрнағын жалғап, келер шақтық мағына береді. Яссауидің хикметтерінде ашық райдағы келер шақтық мәні бар *ерміш* сөзімен тіркескен тұлғалар көбірек кездеседі. Негізгі сөздің беретін мағынасына сәйкес басты қызметті ауыспалы келер шақ тұлғалы негізгі атқарып тұрған сияқты. *Ерміш* сөзінде модальдық сипаттың басым екендігі көрінеді: *Йадын айтыб бағры бишіб іші күйсә/ дәм ұрмаса сансыз ұчмах ачар ерміш* (96а, 6-7); *Бұстандағы булбуллар дек уәлә болса/ сайраб шахлардын бұ шахға қонар ерміш* (96а, 10-11); *Тігмәй шахы узрә түллүк алуан/ ниматларны пішкәнінә көрәр ерміш* (96 а, 13-14).

Хикмет мағынасына назар салсақ, *көреді екен, ашады екен, қонады екен* деген мағынаны ұғынуға болады. Қимылдың болу мүмкіндігін білдіру, түйіндеу реңкін білдіріп тұр. Ғалымдардың пікірінше, *күйәр ерміш, болар ерміш, қонар ерміш* элементімен модальдық тұлғаны беру көне ауыз әдебиетінен келе жатқан үлгі болса керек. Себебі, ауыз әдебиетіндегі ертегілердің өзі *ерте, ерте, ерте екен, бар екен де жоқ екен, аш екен де тоқ екен* деп қолданылған дәстүрдің белгісі болса керек.

Йер астыға кіргәндә әйә бәндә'и ғәфил, ол еккі маләк кірсә көрүб хуб біләдүрсән (34б, 7-8). *Мәнің хикмәтләрім қанд-у әсәл дүр, Һәмә сөзләр ічіндә би бәдәл дүр* (8 б, 6-7). *Хизр-у Илйас һәм сұхбат, бұ жанда көбдүр күлфәт, мәдәд қылғыл мискин Ахмәд кәдаға* (73а, 3-4). *Түзді кечмәй ұчты қылмай гауһар йоқдүр, Гауһар алған 'ашиқларны көңлі йоқтүр. Дүниә бірлән андағ 'ашиқ іші йоқтүр* (52 б, 2-4). Бұл хикметтердегі -дүр тұлғасы, біздің ойымызша, екі түрлі мағына беріп тұр. Біріншісі ашық рай тұлғалы етістік жасауға қатысса, екіншісі етістік (дұрысырақ айтсақ баяндауыш) орнына жұмсалып тұрған есім сөзге ашық рай тұлғасын жасай алу мүмкіндігі болған соң жалғанып, кейін демеулік шылауға айналған ба деген ой туады.

3-кесте – Ашық рай формасындағы келер шақ және осы шақ етістіктері

№	Хикмет мәтіні	Етістік	Шақ түрі	Тұлғасы	Мағыналық сипат
1	2	3	4	5	6
1	Аның үчүн сәңә зари қылұрмән, Көзүмні йашыны жари қылұрмән (11а, 8)	кылұрмән, жари кылұрмән	Келер шақ (болжалды)	-ар есімше + жіктік	Болжалдық келер шақ, есімше негізінде
2	Өшәл талибға мән жаным берүрмән, Айағ басқан ізін көзға сүрүрмән (10а, 12)	берүрмән, сүрүрмән	Келер шақ (болжалды)	-үр есімше + жіктік	Болжалдық келер шақ, әлі болмаған әрекет

3-кестенің жалғасы

3	'Ашиқлықны асан іші баш бермағлық, Мәләмәтні башқа алыб жан бермағлық.	бермағлық	Келер шақ (мақсатты)	-мақ есімше	Мақсат пен тілек мағынасында қолданылған
4	Муту қабла энта муту тірік өлмағлық, 'Ашиқлар өлмәс, бұрұн өләр ерміш (20б, 2–5)	өлмағлық, өлмәс, өләр	Келер шақ (мақсатты)	-мақ, -мес, - ар есімше	Қимыл мақсатын және болжалды іс-әрекетті білдіреді
5	Қайу мурид пирігә шәк кетүрсә, Қийаматда Тонғұз йаңлығ қопбақ керәк (97а, 12)	қопбақ	Келер шақ (мақсатты)	-мақ тұлғасы есімше	Іс-әрекеттің міндетті орындалу мақсатын білдіреді
6	Хаққа мәңә уммәт болған кәні, Чин уммәтні сынамаққа қойдүм мән-а (60а, 7)	сынамақ	Келер шақ (мақсатты)	-мақ есімше	Қимыл мақсатын білдіреді
7	Хизир-у Илійас атам бар, Арслан баба дек бабам бар, Раби'а дек мамам бар, Қошұлұр аулийаға гунахидүр (73а, 6–7)	қошұлұр	Осы шақ	-ур тұлғасы	Қазіргі шақ мәні бар, көптік мағынаға бейім

Қорытынды

«Диуани Хикмет» ескерткішінің тіліндегі рай тұлғаларын фоно-морфо-семантикалық тұрғыдан зерттеу барысында бірқатар маңызды нәтижелерге қол жеткізілді.

Зерттеу барысында «Диуани Хикмет» ескерткішінің тіліндегі рай тұлғаларының фоно-морфо-семантикалық құрылымы жан-жақты талданып, олардың лингвистикалық ерекшеліктері нақты айқындалды. Рай категориясы ескерткіш тілінде етістіктің модальдік мәнін білдіруші негізгі грамматикалық көрсеткіш ретінде көрініс тапқан. Бұл тұлғалар арқылы әрекеттің болу-болмау ықтималдығы, сөйлеушінің субъективті көзқарасы мен бағалауы, бұйыру, шарт қою сынды мағыналық реңктер берілген.

Талдау нәтижесінде:

- Фонетикалық тұрғыдан, рай тұлғаларында бірқатар дыбыстық алмасулар мен ықшамдалу процестері анықталды. Атап айтқанда, бұйрық рай тұлғаларында дауысты дыбыстардың түсірілуі немесе сингармонизм заңдылығының сақталуы байқалды.

- Морфологиялық деңгейде, рай формаларының негізінен етістік түбіріне арнайы қосымшалар жалғануы арқылы жасалатыны, бұл қосымшалардың кейбірі көне түркілік тұлғаларды сақтағаны анықталды. Бұйрық райда – *-gil/ -gyn*, шартты райда – *-ca/ -cә*, қалау райда – *-gai/ -gaidy* қосымшалары жиі кездеседі.

- Семантикалық тұрғыдан, рай тұлғалары әрекеттің сөйлеуші тарапынан қалай бағаланатынын, оның орындалу ниетін немесе шарттылығын білдіруде айрықша қызмет атқарған. Мысалы, қалау рай – тілек, үміт, ішкі ниет мәндерін білдірсе, шартты рай – әрекетке тәуелділік, жағдайға байлану мағынасын үстеген.

Сонымен қатар, «Диуани Хикмет» тіліндегі рай тұлғаларының фонетикалық өзгерістері мен морфологиялық құрамының қазіргі қазақ тіліндегі баламаларымен сәйкес келетін тұстары анықталды. Бұл - көне түркі тілінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын айқындайтын нақты дәлел бола алады. Бұл сабақтастық қазақ тілінің грамматикалық жүйесінің тарихи негіздерін тануға және рай категориясының эволюциясын зерделеуге мүмкіндік береді. Шығарма хикметтер жинағы болғандықтан, мұнда осы шақта тұрған етістіктер аз, мүлде жоқтың қасы деуге де болады.

Жалпы алғанда, «Диуани Хикмет» тіліндегі рай формалары - тек грамматикалық бірлік емес, тіл мен таным тұтастығын бейнелейтін күрделі категория. Рай тұлғалары арқылы ескерткіш авторының коммуникативтік мақсаты, сопылық танымы мен рухани дүниесі айқын тілдік құралдармен берілген. Бұл зерттеу көне түркі тіл біліміндегі модальділік, грамматикалық категориялар тарихи морфология салаларына қосылған елеулі үлес ретінде қарастырылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани Хикмет (Ақыл кітабы). – Алматы: Мұраттас орталығы, 1993. – 261 б.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – 573 б.
3. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Өнер, 2008. – 304 б.; Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Өнер, 2008. – 215 б.; Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. XIII–XIV ғасырлардағы түркі тілді әдебиет. – Алматы: Алатау, 2006. – 166 б.
4. Утебеков С., Қыдырбаева У. «Диуани Хикметтегі» кейбір дауыссыз фонемалардың көне типтік және қазіргі сипаты // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №1(131). – Б. 149–162. <https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.13>
5. Trier J. Kelime alanları ve kavram alanları üzerine / Çev. Hüseyin Sesli. – Erzurum: Kesit Yayınları, 1969. – 170 s.
6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-бас. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 334 б.
7. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – М.: Изд. АН СССР, 1948. – 276 с.
8. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М.: Наука, 1986. – 302 с.
9. Сыздықова Р. Яссауи Хикметтерінің тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 б.
10. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык. Часть первая. – Алма-Ата: Наука, 1975. – 209 с.
11. Жолдасова А.А. «Диуани Хикмет» ескерткіші тілінің грамматикалық ерекшеліктері (тәуелдік, жіктік және көптік жалғауларының қолданылуы): фил. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2009. – 21 б.
12. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.
13. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII–IX вв.). – Ленинград: Наука, Ленинградское отделение, 1980. – 245 с.
14. Досжан Р.А. XI–XII ғ.ғ. жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымы («Һибат-у хақайиқ», «Құтадғу билиг», «Диуани лұғат-ит түрк» ескерткіштері негізінде): фил. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2009. – 46 б.

REFERENCES

1. Qozha Ahmet Iassau. Diuani Hikmet (Aqyl kitaby) [Diwani Hikmet (Book of reason).]. – Almaty: Murattas ortalygy, 1993. – 261 b. [in Kazakh]
2. Qazaq adebieti. Enciklopedialyq anyqtamalyq [Kazakh literature. Encyclopedic reference book]. – Almaty: «Aruna Ltd.» JShS, 2010. – 573 b. [in Kazakh]
3. Qyraubaeva A. Gasyrlar murasy [Legacy of the centuries]. – Almaty: Oner, 2008. – 304 b.; Qyraubaeva A. Ezhelgi adebiet [Ancient literature]. – Almaty: Oner, 2008. – 215 b.; Qyraubaeva A. Ezhelgi dauir adebieti. XIII–XIV gasyrlardagy turki tildi adebiet [Literature of antiquity. Turkic-language literature of the XIII–XIV centuries]. – Almaty: Alatau, 2006. – 166 b. [in Kazakh]
4. Utebekov S., Qydyrbaeva U. «Diwani Hikmettegi» keibir dauyssyz fonemalardyn kone tiptik zhane qazirgi sipaty [Ancient typical and modern character of some consonant phonemes in “Diwani Hikmet”] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2024. – №1(131). – B. 149–162. <https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.13> [in Kazakh]

5. Trier J. Kelime alanları ve kavram alanları üzerine [On word fields and concept fields] / Çev. Hüseyin Sesli. – Erzurum: Kesit Yayınları, 1969. – 170 s. [in Turkish]
6. Ysqaqov A. Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language]. 2-bas. – Almaty: Ana tili, 1994. – 334 b. [in Kazakh]
7. Dmitriev N.K. Grammatika bashkirskogo iazyka [Grammar of the Bashkir language]. – M.: Izd. AN SSSR, 1948. – 276 s. [in Russian]
8. Serebrennikov B.A., Gadzhieva N.Z. Sravnitelno-istoricheskaya grammatika tiurkskih iazykov [Comparative historical grammar of the Turkic languages]. – M.: Nauka, 1986. – 302 s. [in Russian]
9. Syzdyqova R. Iassawi Hikmetterinin tili [Language of Yassawi wisdom]. – Almaty: Sozdik-Slovar, 2004. – 552 b. [in Kazakh]
10. Nadzhip E.N. Tiurkoiazychnyi pamiatnik XIV veka «Gulistan» Saifa Sarai i ego iazyk. Chast pervaya [The Turkic-speaking monument of the 19th century “Gulistan” by Saif Sarai and its language. Part One]. – Alma-Ata: Nauka, 1975. – 209 s. [in Russian]
11. Zholdasova A.A. «Diwani Hikmet» eskertkishi tilinin grammatikalyq erekshelikteri (taueldik, zhiktik zhane koptik zhalgaularynyn qoldanylyu): fil. gyl. kand. ... avtoref. [Zholdasova A. A. grammatical features of the language of the monument “Diwani Hikmet” (use of dependent, participle and plural endings): abstract.]. – Almaty, 2009. – 21 b. [in Kazakh]
12. Qazaq grammatikasy. Fonetika, sozhasam, morfologiya, sintaksis [Kazakh grammar. Phonetics, word formation, morphology, syntax]. – Astana: Astana poligrafia, 2002. – 784 b. [in Kazakh]
13. Kononov A.N. Grammatika iazyka tiurkskih runicheskikh pamiatnikov (VII-IX vv.) [Grammar of the language of Turkic runic monuments (VII-IX centuries)]. – Leningrad: Nauka, Leningradskoe otdelenie, 1980. – 245 s. [in Russian]
14. Doszhan R.A. XI–XII g.g. zhazba eskertkishti tilinin morfologialyq qurylymy («hibat-u haqaiq», «Qutadgu bilig», «Diwani lugat-it turk» eskertkishti negizinde): fil. gyl. kand. ... avtoref. [Morphological structure of the language of written monuments of the XI–XII centuries (based on the monuments “Hibat-U haqayiq”, “Kutadgu bilig”, “Diwani lugat-it Turk”): abstract.]. – Almaty, 2009. – 46 b. [in Kazakh]